

А.Ч. Ешниязова^{1*}, Т.Х. Рыскалиев²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

² Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

*e-mail: yeshniyazova.ainur1980@mail.ru

АМАНГЕЛДІ АЙТАЛЫНЫҢ «ҰЛТТАНУ» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ СЫН-ҚАТЕРЛЕРІ

Адамзат мәдениетінің қазіргі жаһандану үдерісі, цифрлық мәдениеттің үстемдігі, мәдени әртүрлілік, ақпараттық ықпал жағдайында ұлттық бірегейлік мәселесі ерекше өзектілікке ие болуда. Ұлттық бірегейлікті сақтап, жаңғырту жолдарын теориялық тұрғыдан негіздеу – әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың басты міндеттерінің бірі. Қазақстан тәуелсіз ел болғанымен, ұлттық тұтастыққа елеулі қауіп төндіретін тарихи жадының әлсіреуі, тілдік ассимиляция, рухани құндылықтардың көмескіленуі сынды постколониялық мәселелерден әлі арылған жоқ.

Бұл тұрғыдан ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі Амангелді Айталының «Ұлттану» тұжырымдамасы маңызды орын алады. Бұл мақалада Амангелді Айталының ұлттық сана, тіл, тарихи жады және рухани қауіпсіздік жөніндегі идеялары ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайтудың теориялық әрі практикалық негізі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ғалым тұжырымдамасының мәдениеттанулық маңызы айқындалып, қазіргі сын-қатерлер контекстінде олардың өміршеңдігі дәлелденеді. Ұлттық нигилизмнің алдын-алу, мәдени өзіндік ерекшелікті сақтау және ұлттық саясатты жетілдіру мәселелері де арнайы назарға алынды.

Мақаланың мақсаты – Амангелді Айталының «Ұлттану» тұжырымдамасы аясында ұлттық бірегейлікті сақтау мен нығайтудың теориялық және практикалық негіздерін талдау, сондай-ақ оның идеяларының қазіргі қоғамдағы өзектілігі мен қолданбалы маңызын көрсету.

Амангелді Айталының ұлттық сана туралы идеялары қазіргі Қазақстан қоғамында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен сақтаудың теориялық және практикалық негізі ретінде қарастырылады. Оның зерттеулері ұлттық саясаттың дамуына ықпал етіп, Қазақстанның мәдени және рухани жаңғыру жолында маңызды бағыт-бағдар береді.

Түйін сөздер: ұлттану, ұлт құрылысы, этносаралық қатынастар, ұлттық бірегейлік, ұлттық сана.

A.C. Yeshniyazova¹ *, T.K. Ryskaliev²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University, Uralsk, Kazakhstan

*e-mail: yeshniyazova.ainur1980@mail.ru

Amangeldy Aytaly's «Ultanu» concept and the challenges to national identity in Kazakhstan

The current globalization of human culture, the dominance of digital culture, cultural diversity, and information influence have made the issue of national identity particularly relevant. The theoretical substantiation of ways to preserve and revitalize national identity is one of the main tasks of the social and human sciences. Although Kazakhstan is an independent state, it has not yet fully overcome post-colonial challenges such as the weakening of historical memory, linguistic assimilation, and the fading of spiritual values – all of which pose a serious threat to national unity.

In this regard, the concept of “Ultanu” (“Nation Studies”) developed by scholar, statesman and public figure, Doctor of Philosophy, Professor, and Academician of the Academy of Social Sciences of the Republic of Kazakhstan Amangeldy Aytaly plays an important role. This article examines Aytaly's ideas about national consciousness, language, historical memory, and spiritual security as theoretical and practical foundations for forming and strengthening national identity. In addition, the cultural significance of his concept is highlighted, and its relevance in the context of modern challenges is substantiated. Particular attention is given to the prevention of national nihilism, the preservation of cultural uniqueness, and the improvement of national policy.

The purpose of this article is to analyze the theoretical and practical foundations of preserving and strengthening national identity within the framework of Amangeldy Aytaly's "Ultanu" concept, as well as to demonstrate the relevance and practical significance of his ideas in contemporary society.

Amangeldy Aytaly's ideas on national consciousness are considered as both a theoretical and practical basis for the formation and preservation of national identity in modern Kazakhstanian society. His research contributes to the development of national policy and provides important guidance on the path toward Kazakhstan's cultural and spiritual renewal.

Keywords: nationalization; nation building; interethnic relations; national identity; national consciousness.

А.Ч. Ешниязова^{1*}, Т.Х. Рыскалиев²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана, Уральск, Казахстан

*e-mail: yeshniyazova.ainur1980@mail.ru

Концепция «Улттану» Амангельды Айталы и вызовы национальной идентичности в Казахстане

Современные процессы глобализации культуры, доминирование цифровой культуры, культурное многообразие и информационное воздействие придают особую актуальность проблеме национальной идентичности. Теоретическое обоснование путей сохранения и обновления национальной идентичности – одна из главных задач социальных и гуманитарных наук. Несмотря на то, что Казахстан является независимым государством, он до сих пор не избавился от постколониальных проблем, таких как ослабление исторической памяти, языковая ассимиляция и утрата духовных ценностей, которые представляют серьезную угрозу национальному единству.

В этом контексте концепция «Улттану» («Нациеведение»), разработанная ученым, государственным и общественным деятелем, доктором философских наук, профессором, академиком Академии социальных наук Республики Казахстан Амангельды Айталы, занимает важное место. В данной статье идеи Амангельды Айталы, касающиеся национального сознания, языка, исторической памяти и духовной безопасности, рассматриваются как теоретическая и практическая основа формирования и укрепления национальной идентичности. Также раскрывается культурологическое значение концепции ученого и обосновывается её жизнеспособность в контексте современных вызовов. Особое внимание уделено вопросам предупреждения национального нигилизма, сохранения культурной самобытности и совершенствования национальной политики.

Целью статьи является анализ теоретических и практических основ сохранения и укрепления национальной идентичности в рамках концепции «Улттану» Амангельды Айталы, а также выявление актуальности и прикладного значения его идей в современном обществе.

Идеи Амангельды Айталы о национальном сознании рассматриваются как теоретическая и практическая основа формирования и сохранения национальной идентичности в современном казахстанском обществе. Его исследования способствуют развитию национальной политики и служат важным ориентиром на пути культурного и духовного обновления Казахстана.

Ключевые слова: национализация, построение нации, межэтнические отношения, национальная идентичность, национальное сознание.

Кіріспе

Ұлттық бірегейлік – халықтың тарихи жады мен мәдени құндылықтарына негізделген өзіндік ерекшелігін айқындайтын рухани құбылыс. Ол белгілі бір елдің тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге ұлттық сана мен мәдени тұтастықты жаңғырту, жаһандану дәуірінде төл құндылықтарды сақтау қажеттілігі өзекті мәселеге айналды. Бұл үдеріс тарихи мұраны қайта зерделеумен, ана-тілімізді нығайтумен және ұлттық сананы қалыптастырумен тығыз байланысты.

Философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылым академиясының академигі Амангелді Айталының «Улттану» тұжырымдамасы ұлттық бірегейлікті зерттеудің ғылыми негізін қалыптастырып, оның тарихи, әлеуметтік және мәдени аспектілерін жан-жақты қарастырады. Ғалым ұлттық сана, тіл саясаты және этносаралық қатынастар мәселелерін терең зерттеп, қазақ қоғамындағы ұлттық бірегейліктің мәні мен маңызын айқындауға ұмтылған. Оның еңбектері ұлттың рухани тұтастығын сақтауға, мемлекеттік саясатта ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталған.

Зерттеудің мақсаты – ғалым Амангелді Айталының ұлттық бірегейлік туралы көзқарастарын саралап, оның «Ұлттану» тұжырымдамасының негізгі қағидаларын анықтау, сондай-ақ Қазақстан қоғамындағы ұлттық сананы нығайтудағы рөлін көрсету.

Зерттеудің ғылыми болжамы – ұлттық бірегейлікті сақтаудың және дамытудың тиімді жолдарын қарастыруды Амангелді Айталының еңбектері маңызды теориялық әрі практикалық негіз қалыптастырады. Ғалымның көзқарастары жаһандану жағдайында ұлттық құндылықтарды сақтау және нығайту үшін өзекті болып табылады.

Осы зерттеуде ұлттық бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін факторлар, оның ішінде жаһандану, көші-қон, ақпараттық кеңістік және мемлекеттік саясаттың ықпалы жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар, Амангелді Айталының ұлттық бірегейлікке қатысты ойлары заманауи қоғамдық өзгерістер тұрғысынан талданып, оның тұжырымдамаларының Қазақстандағы ұлттық сананы қалыптастырудағы маңызы айқындалады.

Әдебиеттерге шолу

Ұлттық бірегейлік пен ұлттану тақырыбын зерттеуде Амангелді Айталының еңбектері негізгі теориялық тұғырнама ретінде алынды. Оның «Ұлттану» (2003, 2022) еңбектері мен «Қазақ ұлтсыздығы», «Ұлтшылдық – у ма, бал ма?» мақалаларында ұлттық сананың қалыптасуы, тарихи жад, тіл, руханият және этносаралық қатынастар мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Шетелдік әдебиеттер қатарына классик ғалымдар Бенедикт Андерсонның «Imagined Communities» (1983), Макс Вебердің «Economy and Society» (1978) еңбектері кіреді. Бұл еңбектер ұлттың әлеуметтік конструкция ретіндегі түсінігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Соңғы зерттеулер қатарынан Х. Fan (2021), Т. Windari (2021), Huang, Yang және Meng (2022) сияқты зерттеушілердің ұлттық бірегейлік пен патриотизмді ақпараттық саясат, білім беру жүйесі және этносаралық келісім тұрғысынан қарастыратын еңбектері қарастырылды.

Сондай-ақ, ұлттану теорияларын сын тұрғысынан қарастырған В.С. Малахов, Отто Бауэр,

Янайхара Тадао секілді ғалымдардың еңбектері ұлттық феноменге әдіснамалық баламалы көзқарас қалыптастыруда қолданылды.

Қорытындысында, әдебиеттерге шолу ұлттық бірегейлік ұғымының тек тарихи-мәдени ғана емес, сонымен қатар саяси, әлеуметтік және ақпараттық кеңістікте де өзектілігін жоғалтпағанын көрсетеді. Амангелді Айталының көзқарастары осы ғылыми пікірлермен сабақтасып, Қазақстандағы ұлттық сана мен бірегейлікті жаңғыртуда теориялық әрі қолданбалы негіз ұсынады.

Методология

Бұл зерттеуде ұлттық бірегейлік мәселесін кешенді тұрғыда қарастыру мақсатында бірнеше әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Біріншіден, теориялық талдау әдісі арқылы Амангелді Айталының «Ұлттану» тұжырымдамасына негізделген ғылыми еңбектері сараланып, оның ұлттық сана, тіл, тарихи жады және рухани қауіпсіздік жөніндегі көзқарастары жүйеленді.

Екіншіден, салыстырмалы әдіс негізінде Айталының идеялары мен шетелдік зерттеушілердің (B. Anderson, M. Weber, X. Fan, T. Windari, Z. Huang және т.б.) еңбектері салыстырылып, олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктері талданды. Бұл тәсіл ұлттық бірегейлікке түрлі әлеуметтік-мәдени және саяси контекстердің ықпалын анықтауға мүмкіндік берді.

Үшіншіден, тарихи-әлеуметтік талдау арқылы Қазақстандағы ұлттық сананың эволюциясы, отарлық және постотарлық кезеңдегі өзгерістер, жаһандану үдерісінің әсері тарихи шеңберде қарастырылды.

Сондай-ақ мазмұндық және интерпретациялық тәсілдер арқылы Амангелді Айталының тұжырымдарының қазіргі қазақстандық қоғамдағы өміршеңдігі мен қолданбалы мәні ашылды. Бұл зерттеу ұлттық бірегейлік мәселесін теориялық тұрғыда негіздеумен қатар, оны нығайтудың практикалық жолдарын да ұсынады.

Нәтижелер және талқылау

Ұлттану – ұлттың қалыптасуы, дамуы және өзіндік ерекшеліктері туралы кешенді білім жүйесі. Бұл ұғым ұлттық бірегейліктің тари-

хи, әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілерін зерттеумен айналысады.

Ұлт және ұлтшылдық мәселесі – қазіргі гуманитарлық және әлеуметтік ғылым салаларының ең өзекті әрі күрделі бағыттарының бірі. Бұл тек бір ғылым саласының зерттеу нысаны емес, бұл мәдениеттану, философия, тарих, саясаттану, әлеуметтану, антропология, лингвистика, құқық сияқты көптеген салаларда кеңінен кешенді түрде қарастырылатын феномен. Ұлт тақырыбының маңыздылығы қазіргі жаһандану, көші-қон, ұлттық бірегейлік дағдарысы және мәдени әртүрлілік жағдайында бұрынғыдан да арта түсуде.

Ұлттың пайда болуы, дамуы мен мәні туралы ғасырлар бойы түрлі ойшылдар мен ғалымдар терең ой тұжырымдауының нәтижесінде әртүрлі теориялар мен түсіндіру модельдері қалыптасты. Ұлт тақырыбындағы теориялардың сан алуандығының өзі ұлт феноменінің күрделілігі мен көпқырлылығын көрсетеді.

Профессор Амангелді Айталының «Ұлттың басын қосатын, біріктіретін, бір мақсатқа, бір ортақ іске жұмылдыратын, сабақтастыратын ол сол ұлттың атамекені, ұлттың тілі, ұлттың діні, ұлттың мәдениеті, ұлттың білімі, ұлттың тәрбиесі, ұлттың тарихы» – деп пайымдауы өзекті мәселе болды.

Неміс ғалымы Отто Бауер өзінің «Ұлт мәселесі және социал-демократия» деген еңбегінде ұлт ұғымына өзінің терең көзқарасын білдірген. Ол ұлтты – ортақ тарихи тағдыр, мәдени және генетикалық мұра негізінде қалыптасқан мінездің ұқсастығы ретінде сипаттайды. Бұл ұлттың тек тіл мен территориямен емес, рухани және тарихи байланыспен де тығыз байланысты екенін көрсетеді.

Зерттеуші М. Вебер 1978 жылғы зерттеулері бойынша ұлтты «ортақ мәдениет, тіл және тарихи жады негізінде қалыптасқан әлеуметтік қауымдастық» деп сипаттайды (Anderson, 2006: 11-15). Оның пікірінше, ұлт – тек биологиялық немесе географиялық бірлік емес, ол ұжымдық санаға, ортақ құндылықтарға негізделген қоғамдық құрылым. Белгілі ғалым Б. Андерсон 1983 жылғы «Қиялдағы қауымдастықтар» еңбегінде ұлтты «әлеуметтік қиялдың жемісі» ретінде қарастырып, оның медиа, тіл және мәдени байланыстар арқылы қалыптасатынын айтады (Weber, 1978: 17–20).

Зерттеушілер ұлттық бірегейліктің тұрақты емес, үнемі өзгеріп отыратын құбылыс екенін атап көрсетеді. Оны қалыптастыруда тарихи тәжірибе, мемлекеттік саясат, мәдени дәстүрлер және экономикалық даму деңгейі маңызды рөл атқарады. Fan 2021 жылы Қытайдағы ұлттық бірегейліктің қалыптасуын зерттей отырып, оны тек ішкі факторлар ғана емес, сыртқы күштердің ықпалы да анықтайтынын көрсетеді. Оның пікірінше, әлемдік тарихты ұлттық бірегейлікпен байланыстыру үдерісі мемлекет тарапынан бақыланып, басқарылып отырады, өйткені ұлттық идеология тарихи нарративтер арқылы беріледі (Fan, 2021: 5–10).

Сонымен қатар, Windari 2021 жылғы еңбектерінде ұлттық бірегейлікті әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырады және оның қалыптасуына білім беру жүйесі, ақпараттық саясат және әлеуметтік ортаның әсер ететінін атайды. Ол ұлттық бірегейлікті адамдардың белгілі бір саяси қауымдастыққа жататынын сезінуі ретінде сипаттайды, ал бұл сезім этникалық немесе азаматтық ұстанымдарға негізделуі мүмкін дейді (Windari, 2021: 81-95).

Huang, Yang және Meng 2022 жылғы зерттеулерінде Қытайдағы ұлттық бірегейлік пен патриотизмді зерттей отырып, мемлекет тарапынан жүргізілетін ақпараттық саясаттың ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы рөлін ерекше атап көрсетеді. Олар патриоттық және ұлтшылдық дискурстардың интернет кеңістігінде кең таралуы мемлекет тарапынан бақыланып, арнайы насихатталатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, олар әлеуметтік желілердегі пікірталастар мен медиа контенттің белгілі бір саяси мақсаттарға бағытталатынын айтады (Huang, Yang, Meng, 2022).

«Методологический национализм и за его пределами: нациостроительство, миграция и общественные науки» мақаласын қарастыратын болсақ, бұл мақалада ұлттану ұғымы «методологиялық ұлттық көзқарас» арқылы қарастырылады. Авторлар бұл ұстанымды ұлт, мемлекет және қоғамды табиғи әрі өзінен-өзі қалыптасатын әлеуметтік-саяси құрылымдар ретінде қарастыратын әдіснамалық қате деп сипаттайды. Олар үш негізгі әдіснамалық ұлттық көзқарасты бөліп көрсетіп, оларды миграцияны зерттеуге қалай әсер еткенін талдайды. Ұлттық мемлекеттерді қалыптастыру процесі мен әлеу-

меттік ғылымдардағы зерттеу әдістері өзара тығыз байланысты дамығаны айтылады. Авторлар ұлттануды зерттеуде тек ұлттық шекаралармен шектелмей, трансұлттық қауымдастықтарды да қарастыру қажет екенін де ұсынады. Яғни, ұлттану бұл контексте тек этникалық немесе мемлекеттік құрылым емес, сонымен қатар оны зерттеудің әдіснамалық шектеулері мен баламалы тәсілдері туралы мәселе ретінде қарастырылады (Виммер, Глик Шиллер, 2021: 184–231.).

Жапондық ойшыл Янайхара Тадаоның көзқарастары бойынша, ұлттану – мемлекеттің қуатын арттыру немесе басқаларға үстемдік ету емес, ең алдымен, елдің моральдық және рухани дамуы үшін күресу. Ол нағыз ұлтшыл деп өз еліндегі әділетсіздікті жойып, оны күнәларын түсінуге және тәубеге келуге жетелейтін адамды санады. Янайхайра сонымен қатар пацифизмді жақтап, кез-келген соғысты абсолютті зұлымдық деп есептеді, бірақ жер бетіндегі өмірдің кемшіліктерін ескере отырып, «әділетті соғыс» (гисэнрон) концепциясын ұсынды. Бұл оның ұстазы Утимура Кандзонның идеалистік пацифизмін толықтырып, тарихи шындыққа бейімделген ерекше ұстанымы болды. Оның философиясы жапондық ұлттану, пацифизм және патриотизм туралы пікірталастарға үлкен ықпал етті (Bertova, 2021: 187–197).

Саяси-құқықтық доктриналар кафедрасының профессоры В.С. Малаховтың пікірінше, «Национализм: ускользающий объект» мақаласында ұлттану – нақты бір анықтамасы жоқ, әртүрлі саяси-идеологиялық құбылыстарға қатысты қолданылатын ұстатпайтын ұғым ретінде түсіндіріледі. Бұл ұғымның зерттелуін қиындататын тағы бір фактор – оның күнделікті тілдегі жағымсыз мәні, бұл кез келген саяси жобаны заңсыз деп көрсетуге мүмкіндік береді. Автор ұлттанудың аймақтық ерекшеліктерін талдай отырып, 1980-1990 жылдардағы Шығыс Еуропада ұлттық қозғалыстар демократияландырумен қатар жүргенін, ал Ресейде керісінше, ұлттық идея демократияға қарсы бағытталғанын көрсетеді. Ресейде этникалық ұлттану шеткері қалып қойса, мемлекеттік (этатистік) ұлттану күшейе түскен. Бұл үрдіс 2010 жылдары Батыс либерализмінен алшақтау түрінде көрініс тапты. Яғни, автор үшін ұлттану – тек этникалық ұстаным ғана емес, мемлекеттілікті сақтау, идеологиялық бағдар, тіпті жаһандық

өзгерістерге бейімделудің бір формасы (Малахов, 2021: 8–30).

Қазақстанның көрнекті ғалымдарының бірі – Амангелді Айталы, өзінің «Ұлттану» тұжырымдамасында ұлтты тарихи, әлеуметтік және мәдени факторлардың ықпалымен қалыптасатын динамикалық құбылыс ретінде қарастырады. Оның пікірінше, ұлттық мәселелерді тек этностық тұрғыдан емес, мемлекеттің ұлттық саясаты, мәдениеті мен идеологиясы аясында кешенді түрде зерттеу қажет. Ол ұлттық бірегейлікті нығайту үшін тарихи жадыны жаңғырту, тіл мен мәдениетті сақтау, ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңыздылығын атап көрсетеді (Айталы, 2003: 33–50).

Ұлттық болмысты сақтаудың негізгі құрылымы ретінде профессор Амангелді Айталы ана тілі мен рухани құндылықтарды, тарихи жадты, салт-дәстүр мен ұлттық тәрбиені, дін мен ұлттық сананы қарастырды.

Профессор Амангелді Айталының пайымдауынша, ұлттық рух пен ұлттық бірегейлікті сақтау – тәуелсіз елдің басты міндеттерінің бірі. Ол өз еңбектерінде қазақ халқының тарихи қалыптасқан ұлттық болмысын, рухани тұтастығын сақтаудың қажеттігін жиі көтереді. Мысалы, 2017 жылы Ақтөбеде Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған конференцияда Амангелді Айталы қазақ қоғамындағы ұлттық сананың өзгерісі мен жаһанданудың ықпалын сынға алаған. Ол қазақтардың дәстүрлі құндылықтардан алшақтап, өз бірегейлігін сақтауға жеткілікті көңіл бөлмей отырғанына алаңдаушылық білдірген. «Біз, қазақ, надан жұртпыз» деген сөзінде ғалым қазақтардың өз ұлттық құндылықтарын сақтамай, басқа халықтарға еліктеуін меңзеген. Бұл жерде ол тарихи тұрғыда қалыптасқан ұлттық нигилизмнің көріністерін сынға алып, отаршылдық саясаттың және кеңестік кезеңдегі мәдени саясаттың салдарынан қазақтардың өз мәдениеті мен дәстүріне деген сезімінің әлсірегенін атап өтеді.

Ғалымның ойынша, ұлттық сана-сезімнің әлсіреуі – ұлттық тіл мен мәдениетке деген немісқұрайдылықтың, рухани құндылықтарды өзге мәдениеттермен алмастырудың, сондай-ақ жаһанданудың ықпалымен батыстық немесе басқа шетелдік мәдени үлгілерді дәріптеудің нәтижесі. Сондықтан ол ұлттық руханиятты нығайту үшін білім беру жүйесін, мәдени саясатты және

қоғамдық сана қалыптастыру үдерісін қайта қарау қажеттігін алға тартады (Айталы, 2017: https://ratel.kz/raw/amangeldy_ajtaly_kazahi_nevezhestvennyj_narod_?page=5).

Профессор Амангелді Айталының ұлттық бірегейлікке қатысты ғылыми ізденістері ұлттану ғылымын дамыту, Қазақстандағы этносаралық қатынастарды реттеу, ұлттық бірегейлік пен жаһандану мәселелері, мемлекеттік тіл мен ұлттық идеологияны нығайту мәселелерін қамтыды.

Ұлттану ғылымын дамыту – қазіргі заманғы әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Бұл сала ұлттың пайда болуы, дамуы, ұлттық бірегейлік, тіл, мәдениет, дәстүр мен тарихи жадыны зерттейтін кешенді ғылым ретінде қалыптасып келеді.

Ғалым Амангелді Айталы ұлттану ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, оны ұлттық болмыс пен этникалық бірегейлікті зерттейтін кешенді сала ретінде қарастырды. Ұлттық сана-сезімнің қалыптасу факторларын, тарихи, мәдени, әлеуметтік және саяси негіздерін терең талдады. Айталының Қазақстандағы көпұлтты қоғамның ерекшелігін зерттеп, ұлттық келісім мен этносаралық тұрақтылықтың негіздерін анықтауы оның зерттеулері мемлекеттің ұлттық саясатында ескеріліп, этносаралық қатынастарды реттеуге бағытталған нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндіктер берді. Ғалым жаһандану жағдайында Қазақстандағы ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту мәселелерін талдап, батыстық мәдени экспанция, ақпараттық ықпал және жаһандық урбанизация жағдайында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қорғау қажеттігін атап көрсетті.

Ғалым Амангелді Айталы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекеттік тілдің, ұлттық сананың және мәдени саясаттың маңызын ерекше атап өтті.

Қазіргі заманғы ғалымдардың көзқарастарын салыстыра отырып ұлттық бірегейлік мәселесіне қатысты Қазақстан жағдайында қолдануға болатын ғылыми тұжырымдарды қарастырайық.

Амангелді Айталы ұлттық бірегейлікті сақтаудың негізгі факторларын атап көрсеткенімен, қазіргі жаһандану жағдайында бұл мәселенің жаңа қырлары байқалуда. Ғалымдардың пікірінше, бүгінгі ақпараттық қоғамда ұлттық бірегей-

лікке әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар бар.

Біріншіден, жаһандану және халықаралық мәдени ықпал ұлттық бірегейліктің тұрақтылығына әсер етеді. Бұл тұрғыда Beverland және оның әріптестері (2021) ұлттық брендтер мен тұтынушылық мәдениеттің ұлттық санаға әсерін зерттей отырып, жаһандық нарықтың отандық мәдени өнімдерді ығыстыру қаупін атап өтеді. Олардың пікірінше, ұлттық брендтер ұлттық бірегейлікті нығайту құралы бола алады, бірақ оларды дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет екенін айтады (Beverland et al, 2021: 586–609).

Екіншіден, білім беру жүйесінің ұлттық бірегейлікке әсері де үлкен рөл атқарады. Windari (2021) атап өткендей, ұлттық сана мен патриотизмді қалыптастыруда мектеп бағдарламалары шешуші рөл атқарады (Windari, 2021: 81–95.). Егер білім беру жүйесі ұлттық құндылықтарды насихаттамаса, жас ұрпақ жаһандану ықпалына бейім болуы мүмкін.

Үшіншіден, этносаралық қатынастар да ұлттық бірегейлікке әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Fan (2021) Қытай мысалында этносаралық шиеленістер мен мемлекеттің бірегейлік қалыптастырудағы рөлін зерттей отырып, азаматтық ұлттық бірегейліктің этникалық бірегейліктен жоғары тұру қажеттігін атап өтеді (Fan, 2021: 5–10.).

Жоғарыда қарастырылған шетелдік ғалымдардың пікірлері ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға түрлі факторлардың ықпал ететінін көрсетті. Алайда бұл мәселені тереңірек түсіну үшін ұл жаңашыры Амангелді Айталының «Қазақ ұлтсыздығы» және «Ұлтшылдық – у ма, бал ма?» атты мақалалары және «Ұлттану» атты еңбектеріне тоқталу маңызды. Бұл еңбектерде ғалым ұлттық бірегейлік, тіл саясаты, тарихи жады және этносаралық қатынастар мәселелерін жан-жақты талдаған.

Амангелді Айталы ұлт ұғымын тарихи контекстке тәуелді, өзгермелі құбылыс ретінде қарастырады. Оның пікірінше, «қазақстандық ұлт» ұғымы жаңа этнос немесе жеке ұлтты білдірмейді, керісінше, елдегі этностық топтардың өз бірегейлігін сақтай отырып, ортақ мемлекеттік құндылықтарды бөлісуін көздейді. Бұл ұғым белгілі бір саяси мақсаттарға байланысты әртүрлі түсіндірілуі мүмкін, алайда оның түпкі

мәні – Қазақстан халқының ортақ тағдырға негізделген біртұтас азаматтық қауымдастық екендігін мойындау.

Амангелді Айталы өз зерттеулерінде ұлт ұғымының екі түрлі мағынасын атап көрсетеді. Жалпы ғылыми еңбектерде ұлт ұғымы – бұл белгілі бір тарихи, тілдік, мәдени, аумақтық және экономикалық ортақтастықпен сипатталатын адамдар қауымдастығы деп сипатталады. Дәстүрлі этникалық ұлт – бұл ұзақ тарихи даму барысында қалыптасқан, ортақ тіл, мәдениет, салт-дәстүрлер, дін, тарихи жад және аумақпен байланысты этникалық қауымдастық. Мұндай ұлттарда этностық сипаттар мен ұлттық өзіндік сана тығыз байланыста дамиды. Ал азаматтық қауымдастық – бұл ортақ заңдар мен құндылықтарға негізделген, белгілі бір мемлекеттің азаматтары арасындағы саяси және құқықтық бірлік. Ол адамдардың ұлт, тіл, дін, этникалық тегіне қарамай, ортақ азаматтық сана мен мемлекетке адалдық арқылы бірігуін білдіреді. Қазіргі Қазақстан жағдайында этностық әртүрлілікпен қатар азаматтық бірлік процесі де белсенді түрде дамып келеді. Бұл үрдіс мемлекет жүргізіп отырған «ұлт бірлігі – азаматтық негізде» қағидатының өміршендігін айғақтайды.

Амангелді Айталы ұлттық бірегейлікті тұрақты емес, тарихи жағдайларға байланысты қалыптасатын әлеуметтік феномен ретінде қарастырып, оның мазмұны уақыт өте өзгеріп отыратынын көрсетеді.

Амангелді Айталы өз еңбектерінде қазақ қоғамындағы ұлттық мәселелерді диалектикалық тұрғыдан қарастырады. Мысалы, «Ұлтшылдық – у ма, бал ма?» мақаласында ғалым ұлтшылдықтың оң және теріс қырларын айқындай отырып, ұлттық болмысты сақтау үшін белгілі бір дәрежеде ұлтшылдық қажет екенін, бірақ оның асып кетуі қауіпті салдарға әкелетінін көрсетеді. Сонымен қатар, Айталы ұлттық сана мен болмыстың әр халықтың өзіне тән ерекшеліктері арқылы қалыптасатынын атап өтеді: халық өз тілі, мәдениеті мен дәстүрі арқылы өзгелерден айрықша орын алады.

Қазақ халқының ұлттық санасында Қазақстандағы әртүрлі этностарға қатысты көзқарастар ерекше орын алады. Мысалы, орыс этносына қатысты пікірлер тарихи факторларға байланысты күрделі сипатқа ие болғанымен, немістер, француздар, қытайлар мен америкалықтар туралы тү-

сініктер әртүрлі деңгейде көрініс табады. Ғалым ұлтшылдықтың бірнеше формасын белгілеп, кейбір жағдайларда ұлт қасиетті ұғым ретінде бағаланса, басқаларында ол ескірген түсінікке айналып, этноцентризмнің ықпалында өз ұлтын өзгелерден жоғары қою қаупін тудыратынын көрсетеді.

Амангелді Айталының пікірі бойынша, ұлтшылдықтың аса қатал формалары шовинизмге, ал одан әрі фашизмге ұласуы ықтимал, бұл өз кезегінде этносаралық қарым-қатынастарда зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке әкелуі мүмкін. Шовинизмнің туындауына этносаралық бәсекелестік, экономикалық мүдделер, империялық амбициялар және мигранттарға қарсы көзқарастар әсер етеді.

Сонымен қатар ұлттық мәдениетті тек өткен құндылықтармен өлшеу қателік екенін де атап өтеді. Ұлттың ерекшелігін қазіргі заман талаптарына сәйкес икемдену мәдени консерватизмге алып келіп, ұлттық болмыстың дамуына теріс әсер етуі мүмкін. Айталының тұжырымдауынша, отарланған ұлттардың ұлтшылдығы көбіне өзін-өзі қорғау мен патриотизмнен туындайды.

Мақала соңында автор ұлтшылдықтың әртүрлі формаларының бар екендігін мойындап, оның кейбір түрлері ұлттық болмыстың заңды талаптарын білдіретінін, алайда олардың шектен тыс болуы қауіпті екенін қорытындылайды (Айталы, 2014: 32–33).

«Қазақ ұлтсыздығы» мақаласына тоқталсақ, Амангелді Айталы қазақ қоғамындағы ұлттық нигилизм мәселесін терең зерттеп, оның пайда болу себептері мен салдарын жан-жақты талдайды. Ол бұл құбылыстың тарихи алғышарттарын қарастырып, отаршылдық саясат, мәдени ассимиляция, жаһандану үдерістері және кеңестік идеологияның әсері сияқты негізгі факторларды атап өтеді.

Ғалым ұлттық нигилизмнің қазақ қоғамына тигізетін кері әсерін көрсетіп, оның ұлттық сана-сезімге, тіл мен мәдениетке, қоғамдық құндылықтарға ықпалын жан-жақты саралайды. Ол ұлтсыздану үдерісінің салдарынан қазақтың тарихи жады әлсіреп, ұлттық құндылықтар мен рухани тұтастықтың дағдарысқа ұшырауы мүмкін екенін ескертеді.

Сонымен қатар, Айталы ұлттық нигилизмнің алдын алу және қазақ азаматының ұлттық сана-

сезімін нығайту жодарын ұсынады. Ол ең алдымен білім мен тәрбие жүйесінде ұлттық рухты қалыптастыру, ана тілі мен мәдениетті дамыту, тарихи сананы жаңғырту және ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңыздылығын ерекше атап өтеді.

Амангелді Айталының «Қазақ ұлсыздығы» мақаласында ұлттық сана, ұлтқа қатыстылық және мәдени бірегейлік мәселелері кеңінен қозғалады. Қазіргі қоғамда ұлт ұғымына байланысты көзқарастар әртүрлі әлеуметтік топтар арасында айқын ерекшеленеді: бір топ ұлттық құндылықтарды басты рухани бағдар ретінде ұстанса, екінші топ жаһандану үдерісін оң қабылдап, бірнеше мәдениетті бойына сіңіруге ұмтылады, өзін ғаламдық азамат ретінде танытып, ана тілін, төл мәдениетін екінші қатарға ысырады. Мұндай құбылыстар ұлттық нигилизмнің көрінісі ретінде сипатталады. Ұлттық нигилизмнің мәндік белгілеріне ана тіліне деген селқос қатынас, ұлттық дәстүр мен мәдениетті ескінің сарқыншағы ретінде қабылдау жатады.

Ұлт жаңашыры Амангелді Айталы ұлтсыздандудың бірнеше негізгі себептерін көрсете отырып, оның салдарынан қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің бұзылғанын атап өтеді. Біріншіден, отаршылдық кезеңіндегі кеңестік саясаттың әсерінен қазақтар өз жерінде азшылыққа айналып, ұлттық бірегейлікке үлкен соққы жасалды. Бұл жағдай қазақ мектептерінің күрт азаюына және халық арасында аралас некелердің көбеюіне себеп болды. Екіншіден, мәдени басымдыққа ие елдер өз мәдениетін насихаттау арқылы өзге халықтардың ұлттық болмысын әлсіретті. Үшіншіден, жалған патриотизм мен батыстық мәдениеттің үстемдігі қазақ жастарын ұлттық бірегейліктен алыстатып, жаһандық мәдениетке еліктеуге итермеледі. Уақыт өте келе, материалдық құндылықтардың басымдығы ұлттық сананың әлсіреуіне әкелді.

Ғалым қазақ қоғамындағы бұл мәселелерді терең талдап, ұлттық сана-сезімді нығайту қажеттігін ерекше атап өтеді. Ол қазіргі қазақ қоғамының ұлттық бірегейлігі мен болашағы туралы терең ой қозғап, халықтың рухани жаңғыруы мен сананың жаңаруы қажеттігін негіздейді. Бұл еңбектер ұлттық құндылықтардың мәнін түсінуге, оларды насихаттау мен нығайтуға ықпал етіп, болашақ ұрпаққа ұлттық сананы сіңірудің

маңызды құралдарының бірі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар ғалымның зерттеулері қазақ халқының тарихи тәжірибесін ескере отырып, қоғамның дамуына ықпал ететін стратегиялық бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді (Айталы, 2014: 34–38).

Амангелді Айталының ғылыми еңбектерінің ішінде «Ұлттану» кітабы ерекше орын алады. Бұл еңбекте ұлт, ұлттық сана және ұлттық құндылықтар мәселелері жан-жақты талқыланып, олардың қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы терең зерделенеді. Автор ұлттық бірегейлікті сақтаудың, ұлттық құндылықтарды жаңғыртудың және жаһандану дәуірінде ұлттық сананы нығайтудың қажеттілігін атап өтеді.

Профессор Амангелді Айталының ұлт туралы пікірлеріне тоқталайық. «Ұлт дегеніміз – ортақ тарихы, тілі, мәдениеті бар, өзіндік санасы қалыптасқан қауым. Ұлттың өміршендігі – оның ұлттық санасының беріктігімен анықталады. Егер ұлт өзінің тарихын ұмытса, тілінен айырылса, мәдениетін менсінбесе, онда ол ұлттық тұтастығынан айырылып, тек этнографиялық топ ретінде сақталады». Айталының бұл пікірі ұлттың бірлігін, оның негізгі элементтерін атап көрсетеді. Ол үшін ұлттық сана өте маңызды, себебі санасы әлсіз ұлт өз болмысынан ажырап, жойылып кету қаупіне ұшырайды.

Айталының берген көптеген сұхбаттарында ұлт жаңашыры ретінде оның нигилизм туралы айтқан пікірлерін көруге болады. «Ұлттың болашағына сенбеу, оның рухани құндылықтарын менсінбеу – ұлттық нигилизмнің белгісі. Нигилизмге ұшыраған адам өзінің тілі мен салт-дәстүрін менсінбей, басқа мәдениетті өзінікінен жоғары санайды. Мұндай көзқарас – отаршылдық саясаттың жемісі, ол ұлттың – өзін-өзі сыйлауын төмендетеді». Айталы ұлттық нигилизмнің қауіптілігін атап көрсетеді. Егер халық өз мәдениеті мен тіліне немқұрайлы қараса, онда ұлттық бірегейлік әлсірейді. Бұл әсіресе отаршылдықтың әсерінен болған құбылыс деп сипатталды.

Амангелді Айталының мемлекеттік тіліміздің болашағы туралы айтылған саналы адамға ой салатындай өткір пікірлері бар. «Егемен Қазақстан» газетіне берген бір мақаласында «Қазақстан бүгінгі күні тек екі ғана емес, үш тілдің: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің өзара әрекеттестік алаңына айналды. Іс жүзінде, қазақ

тілі екі әлемдік тілмен бәйгеге түсті және бұл бәсекелестік күресте ғасырлар қиыншылығын көріп, әлі еңсесін көтере алмай келе жатқан қазақ тілінің аман қалуы қиын» («Егемен Қазақстан» газеті 29 маусым 2018 жыл).

Тілдің маңызы ерекше екенін көрсететін бұл ой қазақ қоғамы үшін өте өзекті. «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың жаны, оның болмысын сақтайтын негізгі тірек. Ана тілі ұлттың рухани қуаты мен тұтастығын айқындайды». Тілін жоғалтқан халық ұлттық болмысын да жоғалтады. Сондықтан да мемлекеттік тіл мәртебесі тек қағаз жүзінде емес, шынай өмірде де көрінуі тиіс.

Жаһандану заманында ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді сақтау қиынға соғатынын ескере отырып, Амангелді Айталы бұл процестің екі жағын көрсетеді. «Жаһандану ұлттық құндылықтардан бас тартуды емес, оларды жаңғыртып, жаңа заманға бейімдеуді талап етеді. Егер ұлт жаһандануға дайын болмаса, ол өз құндылықтарынан айырылып, әлемдік мәдени кеңістікте өз орнын жоғалтады». Ұлт заман талабына сай жаңғыруы керек, бірақ түп-тамырынан ажырамауы тиіс.

Амангелді Айталы өзінің сұхбаттарында ұлт өзінің тамырына бекем болуы керек екенін ескертеді. Ұлттық мәдениет пен құндылықтарды сақтамау – ассимиляцияға апаратын жол. «Ұлт өз құндылықтарын бағаламаса, ол сыртқы ықпалға тез бейімделіп, өзіндік ерекшелігінен айырылады. Ұлттық мәдениет әлсіреген сайын, ол өзге мәдениеттердің ықпалына түсіп, өзінің дербестігін жоғалтады».

Бүгінгі таңда қазіргі буын өз тілін, дәстүрін білмей өсіп келеді, бұл ассимиляция қаупін төндіреді. Ассимиляция – бір этникалық топ мүшелерінің төл мәдениетін жоғалтып, екінші этностың мәдениетін қабылдау процесі. «Ұлтсыздану – бір күнде орындалатын процесс емес, ол бірнеше ұрпақ бойы жалғасатын ұлы трагедия. Бұл – біртіндеп келетін, көзге көрінбейтін құбылыс. Ұрпақ алмасқан сайын ұлттық құндылықтар көмескіленіп, ақырында өзге мәдениеттің толық ықпалына түсу қаупі күшейеді». Айталының бұл пікірі қазақ қоғамындағы қазіргі үрдістерге сай келіп отыр.

Амангелді Айталы патриотизмді тек сөзбен ғана емес, нақты іспен көрсету керектігін айтады. Ұраншылдық пен даурықпа сөздерден гөрі, ұлт-

тың мәдениеті мен тіліне жаңашырлық таныту әлдеқайда маңызды екенін атап өтеді. «Шынайы патриотизм – ұранда емес, ұлттық мұраға деген құрметте. Өз ұлтын шын сүйетін адам – оның тарихын біліп, мәдениетін құрметтеп, тілін дамытқан адам» (Айталы, 2003: 33–50).

Ғалым Амангелді Айталының көзқарастары ұлттық рухтың тек тарих пен дәстүрді дәріптеуде ғана емес, оны заман талабына сай жаңғыртуда да маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Ол ұлттық сананы тек өткеннің мұрасы ретінде емес, болашаққа бағытталған, үнемі жаңарып, дамып отыратын құбылыс ретінде қарастырады.

Ғалымның пайымдауынша, ұлттық құндылықтарды сақтау – оларды өзгеріссіз қалдыру емес, керісінше, қоғамның әлеуметтік, мәдени және технологиялық дамуына сай бейімдеу. Бұл тұрғыда білім беру жүйесі, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдени саясаттың рөлі ерекше. Айталы ұлттық сана мен ұлттық рухтың нығайуын мемлекет пен қоғамның өзара ықпалдас-тығы арқылы жүзеге асыру қажеттігін алға тартады.

Қорытындылай келе, Қазақстанның ұлттық саясаты ұлттық бірегейлікті нығайтуға, тарихи жадыны сақтауға және қоғамның тұтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл саясаттың басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, елдің әлеуметтік және мәдени дамуын қамтамасыз ету.

Бұл тұрғыда профессор Амангелді Әбдірахманұлы Айталының ғылыми еңбектері мен сұхбаттары ұлттық сананың қалыптасуына, ұлттық нигилизмнің себептерін талдауға және оның алдын-алу жолдарын ұсынуға үлкен үлес қосты. Ол ұлттық сана мен рухани құндылықтарды сақтау мәселелерін терең зерттеп, қазақ қоғамының алдында тұрған рухани-мәдени сын-қатерлерді атап өтті. Ғалымның пайымдауынша, жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті нығайту үшін халықтың тарихи жадын жаңғырту, ана тілі мен ұлттық құндылықтарды қорғау маңызды.

Осы бағытта ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық сананың жаңғыруы мен халық бірлігінің маңыздылығын үнемі атап өтеді. Оның бастамасымен жүзеге асқан Ұлттық құрылтай – осы мақсатқа жетудегі маңызды қадамдардың бірі. Бұл құрылтай елді рухани жаңғыртуға, азаматтарды ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіруге және қоғамдық диалог-

тың жаңа стандарттарын қалыптастыруға мүмкіндік береді (Бауэр, 1909: 27–30).

Мемлекеттің ұлттық саясаты мен қоғамдық келісімнің негізінде дамыған ұлттық сана – Қазақстанның тұрақты дамуының кепілі. Осы орайда, қорытындыны ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың сөзімен түйіндеген жөн: «Ұлттық құрылтай мүшелері елді жаңғыртуға елеулі үлес қосып, азаматтарды ортақ жасампаз мақсаттар төңірегінде таптастырады. Бұл алаң алғаш күндерден-ақ жаңару символына айналып, қоғамдық диалогтың жаңа стандарттарын қалыптастырады».

Бұл сөздер ұлттық бірегейлікті нығайту жолындағы мемлекеттің ұстанымын көрсетіп қана қоймай, Қазақстан халқын ортақ мақсаттар төңірегінде біріктіруге деген ұмтылысты да айқындайды. Ғалым Амангелді Айталы көтерген ұлттық сана мәселелері мен ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың бастаған ұлттық саясаты бірінбірі толықтырып, Қазақстанның болашақтағы тұрақты дамуы мен рухани жаңғыруына негіз болады (Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзі, 2025: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomart>).

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ғалым Амангелді Айталының «Ұлттану» тұжырымдамасы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды теориялық және практикалық негізін қалайды. Бұл тұжырымдама тарихи жадыны сақтау, тіл саясатын күшейту және этносаралық келісімді нығайту сияқты ұлттық санаға ықпал ететін негізгі аспектілерді қамтиды. Айталының көзқарастары бүгінгі Қазақстандағы жаһандану, ақпараттық ықпал және этносаралық қатынастардың өзгерістері тұрғысынан талдағанда, оның идеаларының өзектілігін жоғалтпағаны байқалды.

Шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдау барысында Амангелді Айталының ұлттық бірегейлікке қатысты негізгі тезистері халықаралық тәжірибемен де үндесетіні анықталды. Мысалы, Fan (2021) зерттеулерінде Қытайдағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда азаматтық принциптерге басымдық берілуі тиіс екені айтылады (Fan, 2021: 5–10). Бұл Айталының Қазақстанда азаматтық ұлттық бірегейлікті дамыту қажеттілігі туралы пікірімен сәйкес келеді. Windari (2021) еңбектерінде білім беру жүйесі ұлттық

сананы қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылса (Windari, 2021: 81–95), Айталы да мектеп пен жоғары оқу орындарының ұлттық құндылықтарды сіңірудегі ролін ерекше атап өтті.

Сонымен қатар жаһанданудың ұлттық бірегейлікке тигізетін әсері туралы Huang, Yang, Meng (2022) зерттеулерімен салыстырғанда (Huang, Yang, Meng, 2022), Айталының пікірлері бірқатар айырмашылықтарға ие. Қытай тәжірибесінде ұлттық бірегейлікті сақтау үшін ақпараттық кеңістік қатаң бақыланады, ал Айталы қазақ қоғамында ұлттық идеологияны күшейту қажет екенін айтқанымен, бұл процестің демократиялық сипатта болғанын қолдайды. Бұл Қазақстанның саяси ерекшеліктерімен де байланысты.

Ғалым Амангелді Айталының пікірінше, жаһандану ұлттық құндылықтардан бас тартуды білдірмеуі керек, керісінше, оларды жаңғырту мен бейімдеуді талап етеді. Бұл көзқарасты Beverland және әріптестері (2021) ұлттық брендтер мен мәдени саясаттың ұлттық санаға тигізетін әсерін зерттеу барысында қолдайды (Beverland et al., 2021: 586–609). Олардың пайымдауынша, ұлттық бірегейлік коммерциялық және мәдени өнімдер арқылы да нығая алады, бұл ұлттық саясаттың бір бағыты ретінде қарастырылуы мүмкін.

Амангелді Айталы еңбектерін талдау барысында оның ұстанымдары тарихи-әлеуметтік факторлармен байланысты екені байқалды. Ол ұлттық сана тек этникалық бірегейлікпен шектелмеуі керек деген идеяны алға тартады. Бұл пікір замануи көпэтностық қоғам үшін маңызды. Қазақстандық ұлт ұғымы туралы пікірталастар кезінде оның көзқарастарының прагматикалық маңызы бар екенін көреміз. Ғалым бұл ұғымды жаңа этностың құрылуы ретінде қарастырмайды, керісінше, ол Қазақстандағы барлық этностардың тең құқылы азаматтық бірегейлігін сипаттайды.

Қазақстанның ұлттық саясаты да ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған. ҚР Президенті Қ.Тоқаев бұл мәселеге ерекше назар аударып, 2025 жылы 14 наурызда Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда: «Ұлттық құрылтай мүшелері елді жаңғыртуға елеулі үлес қосып, азаматтарды ортақ жасампаз мақсаттар төңірегіне топтастырады. Бұл алаң алғаш күндерден-ақ жаңару символына айналып, қоғамдық диалогтың жаңа стандарттарын қалыптастырады» – деп, ұлттық

сананың жаңғыруы мен халық бірлігінің маңыздылығын атап өтті (Бауэр, 1909: 27–30).

Соңғы үш жылда Қазақстан ұлттық бірегейлікті нығайтуға ерекше көңіл бөліп, идеологиялық негіздерді жаңғыртуда. ҚР Президенті Қ.Тоқаев пен ғалым Амангелді Айталының көзқарастары бойынша ұлттық бірегейлікті сақтау тек мемлекеттік саясаттың ғана емес, әрбір азаматтың саналы міндеті екенін көрсетеді.

Сондықтан ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту тек ғылыми талдаулардың нысаны ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік саясаттың да басты бағыттарының бірі екені анықталды. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ұлттық құрылтайда айтқан ойлары ғалым Амангелді Айталының тұжырымдарымен үндеседі, бұл Қазақстан қоғамында ұлттық сананы нығайту ісінің маңыздылығын тағы да дәлелдейді.

Талқылау барысында зерттеу гипотезасының расталғаны анықталды: Айталының еңбектері ұлттық бірегейліктері нығайтудың теориялық және практикалық негізін құрай алады. Сонымен қатар, оның тұжырымдары қазіргі қоғамдағы сын-қатерлерге жауап береді және мемлекеттік саясатта қолдануға болатын маңызды идеялар ұсынады.

Сондықтан, Амангелді Айталының ұлттық бірегейлікке қатысты көзқарастары халықаралық және отандық зерттеулердің тұжырымдарымен сәйкес келеді, бірақ Қазақстанның тарихи-мәдени ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір айырмашылықтар да бар. Оның «Ұлттану» тұжырымдамасы бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін өзектілігін жоғалтпай, мемлекеттік саясаттың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қорытынды

Ұлттық бірегейлік – халықтың рухани тірегі, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын алтын көпір. Ол тек тарихтың жаңғырығы емес, елдің

бүгінгі келбеті мен болашақтағы бағдарын айқындайтын құндылық.

Профессор Амангелді Айталы өз еңбектерінде ұлттық бірегейліктің тұрақты емес, үздіксіз дамып, өзгеріп отыратын құбылыс екенін ерекше атап өтті. Ол ұлттың біртұтастығы тек тіл мен мәдениетте ғана емес, қоғамның құндылықтық тұтастығында жатқанын көрсетті. Зерттеу нәтижелері ғалымның көзқарастарының бүгінгі Қазақстан үшін де өзектілігін дәлелдеді. Тіл саясаты, тарихи жадыны сақтау, этносаралық келісімді нығайту – бұл мәселелер елдің болашағына тікелей әсер ететін стратегиялық міндеттер болып табылады.

Жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлікті сақтау – уақытпен арпалысқан күрделі үдеріс. Айталының ойынша, ұлттың қуаты – оның өзіндік мәдениетін жоғалтпай, заман ағымына бейімделе алуында. Бұл тұжырым әлемдік ғылыми зерттеулермен де үндеседі: ұлттық сана мен мемлекеттілік бір-бірін толықтырып, ұлттың рухани имунитетін қалыптастырады.

Қазақстанның ұлттық саясаты да осы бағытта дамып келеді. ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ұлттық бірегейлікті нығайту жөніндегі бастамалары – Айталы тұжырымдамасының қазіргі мемлекеттік саясатпен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Бұл тек теориялық талдау емес, нақты жүзеге асырылып жатқан ұлттық стратегияның негізі.

Осы зерттеу ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту тек өткенді құрметтеу емес, сонымен бірге оны жаңғыру мен келер ұрпаққа лайықты түрде жеткізу екенін көрсетті. Мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылым академиясының академигі Амангелді Әбдірахманұлы Айталының ғылыми мұрасы – бүгінгі ұрпаққа аманат, ал ұлттық сананы нығайту – әр азаматтың қасиетті парызы. Ұлттық бірегейлік – бұл тек тарих емес, бұл елдіктің тірегі, болашаққа бастайтын сара жол.

Әдебиеттер

- Anderson, B. (2006). *Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism* (Rev. ed., pp. 11–15). Verso.
- Weber, M. (1978). *Economy and society: An outline of interpretive sociology* (pp. 17–20). University of California Press.
- Fan, X. (2021). *World history and national identity in China* (pp. 5–10). Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781108903653>
- Windari, T. (2021). National identity attachment and its variables. *Journal of International Women's Studies*, 22(3), 81–95.

- Huang, Z., Yang, Z., & Meng, T. (2022). National identity of locality: The state, patriotism, and nationalism in cyber China. *Journal of Chinese Political Science*, 28(1). <https://doi.org/10.1007/s11366-022-09820-4>
- Виммер, А., & Глик Шиллер, Н. (2021). Методологический национализм и за его пределами: нациостроительство, миграция и общественные науки. *Социология власти*, 33(2), 184–231. <https://doi.org/10.22394/2074-0492-2021-2-184-231>
- Бертова, А. Д. (2021). Философские взгляды Янайхара Тадао: национализм, пацифизм и концепция «справедливой войны». *Вопросы философии*, (2), 187–197. <https://doi.org/10.21146/0042-8744-2021-2-187-197>
- Малахов, В. С. (2021). Национализм: ускользающий объект. *Социология власти*, 33(2), 8–30. <https://doi.org/10.22394/2074-0492-2021-2-8-30>
- Айталы, А. (2003). *Ұлттану* (33–50-бб.). Атамұра.
- Айталы, А. (2017). Амангелді Айталы: «Қазақ – надан халық па?». *Алаш қозғалысының 100 жылдығына арналған конференция*. https://ratel.kz/raw/amangeldy_ajtaly_kazahi_nevezhestvennyj_narod_?page=5
- Beverland, M. B., Eckhardt, G. M., Sands, S., & Shankar, A. (2021). How brands craft national identity. *Journal of Consumer Research*, 48(4), 586–609. <https://doi.org/10.1093/jcr/ucaa062>
- Айталы, А. (2014a). Ұлтшылдық – у ма, бал ма? *Ақиқат*, (2), 32–33.
- Айталы, А. (2014b). Қазақ ұлтсыздығы. *Ақиқат*, (2), 34–38.
- Бауэр, О. (1909). *Ұлттық мәселе және социал-демократия* (27–30-бб.).
- Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. (2025, 14 наурыз). Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында сөйлеген сөзі. <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomart>

References

- Anderson, B. (2006). *Imagined communities: Reflections on the origin and spread of nationalism* (Rev. ed., pp. 11–15). Verso.
- Weber, M. (1978). *Economy and society: An outline of interpretive sociology* (pp. 17–20). University of California Press.
- Fan, X. (2021). *World history and national identity in China* (pp. 5–10). Cambridge University Press. <https://doi.org/10.1017/9781108903653>
- Windari, T. (2021). National identity attachment and its variables. *Journal of International Women's Studies*, 22(3), 81–95.
- Huang, Z., Yang, Z., & Meng, T. (2022). National identity of locality: The state, patriotism, and nationalism in cyber China. *Journal of Chinese Political Science*, 28(1). <https://doi.org/10.1007/s11366-022-09820-4>
- Vimmer, A., & Glik Shiller, N. (2021). Metodologicheskii natsionalizm i za ego predelami: natsiostroitel'stvo, migratsiia i obshchestvennye nauki. *Sotsiologiya vlasti*, 33(2), 184–231. <https://doi.org/10.22394/2074-0492-2021-2-184-231> (In Russian)
- Bertova, A. D. (2021). Filosofskie vzgliady Ianaikhara Tadao: natsionalizm, patsifizm i kontseptsiiia «spravedlivoi voïny». *Voprosy filosofii*, (2), 187–197. <https://doi.org/10.21146/0042-8744-2021-2-187-197> (In Russian)
- Malakhov, V. S. (2021). Natsionalizm: uskol'zaiushchii ob'ekt. *Sotsiologiya vlasti*, 33(2), 8–30. <https://doi.org/10.22394/2074-0492-2021-2-8-30> (In Russian)
- Aitaly, A. (2003). *Ul'ttanu* (33–50-bb.). Atamura. (In Kazakh)
- Aitaly, A. (2017). Amangeldi Aitaly: «Qazaq – nadan halyq pa?». *Alash qozghalysynyñ 100 jyldyǵyna arnalǵan konferentsiia*. https://ratel.kz/raw/amangeldy_ajtaly_kazahi_nevezhestvennyj_narod_?page=5 (In Kazakh)
- Beverland, M. B., Eckhardt, G. M., Sands, S., & Shankar, A. (2021). How brands craft national identity. *Journal of Consumer Research*, 48(4), 586–609. <https://doi.org/10.1093/jcr/ucaa062>
- Aitaly, A. (2014a). Ul'ttyshyldyk – u ma, bal ma? *Aqikat*, (2), 32–33. (In Kazakh)
- Aitaly, A. (2014b). Qazaq ultsyzydygy. *Aqikat*, (2), 34–38. (In Kazakh)
- Bauer, O. (1909). *Ul'ttyq mäsele jäne sotsial-demokratiia* (27–30-bb.). (In Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ resmi saıty. (2025, March 14). Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaeptyñ Ul'ttyq quryltai dyñ IV otyrysynda söilegen sözi. <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomart> (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

- Ешниязова Айнұр Чапайқызы (корреспондент-автор) – PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан, e-mail: yeshniyazova.ainur1980@mail.ru)
- Рыскалиев Тлекжан Хасенұлы – философия ғылымдарының докторы, профессор, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (Орал қ., Қазақстан, e-mail: rzho-wkau@mail.ru)

Information about the authors:

Yeshniyazova Ainur Chapayevna (corresponding author) – PhD student, L. N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: yeshniyazova.ainur1980@mail.ru)

Ryskaliyev Tlekzhan Khasenovich – Doctor of Philosophy, Professor, Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University (Uralsk, Kazakhstan, e-mail: rzho-wkau@mail.ru)

Сведения об авторах:

Ешаниязова Айнур Чапаевна (корреспондентный автор) – докторант PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: yeshniyazova.ainur1980@mail.ru).

Рыскалиев Тлекжан Хасенович – доктор философских наук, профессор, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана (Уральск, Казахстан, e-mail: rzho-wkau@mail.ru).

Поступила 10.11.2025

Принята 20.11.2025